

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫН МЕКЕНДЕЙТІН НЕМІСТЕРДІҢ ЭТНИКАЛЫҚ ӨРКЕНДЕУІНІҢ КЕШЕНДІ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 21 қазан 1993 ж. N 1040

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасын мекендейтін немістерді этникалық өркендетудің кешенді бағдарламасы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Білім министрлігі, Мәдениет министрлігі, Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, Туризм, дене мәдениеті және спорт министрлігі, Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Тіл комитеті, "Қызмет" мемлекеттік акционерлік компаниясы, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері аталған бағдарламаны жүзеге асыру жөнінде нақты шаралар қолдансын.

3. Осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне 1994 және 1995 жылдардың 1 қаңтарына дейін ақпар берілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 21 қазандағы  
N 1040 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасын мекендейтін немістердің  
этникалық өркендеуінің  
КЕШЕНДІ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сталиндік режим жағдайының заңсыз құрбаны болған ресейлік немістерді ақтау неміс этносының толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдай туғызуды, материалдық, ұйымдық, заңдық және басқа кепілдіктер беруді, олардың өздерінің заңды құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыруға жағдай туғызуды қажет етеді.

Республикада қазіргі таңда 700 мыңдай немістер тұрады, олардың көпшілігі Қазақстанға 30-50 жылдардағы сталиндік қуғын-сүргін кезінде отбасыларымен жер аударылған. Олар өзге халықтармен қоса коллективтендірудің қиыншылықтарын, соғыс ауыртпалығын бастарынан өткізді, тың игеруге қатысты, Қазақстанның экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетіне елеулі үлес қосты.

1941 жылғы дәлелсіз айыптаудың нәтижесінде немістер фашизмге жақтас халық ретінде қуғындалып, тек 1990 жылы ғана КСРО Президентінің Жарлығымен, ал шын мәнісінде 1993 жылы Қазақстан Республикасының "Жаппай саяси репрессиялау құрбандарын ақтау туралы" Заңымен ақталды.

Немістер басқа да этностар сияқты ондаған жылдар бойы әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму құқынан жұрдай болып келеді. Мұның салдары әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді, ана тілін, халықтың басқа да ұлттық белгілерін жоғалтуға, өзінің рухани бастауларынан ажыраған ұрпақтың тәрбиеленіп шығуын әкеп соқты. Оның үстіне соңғы жылдары неміс этникалық қауымдастығы ортасында көші-қон тенденциясы күшейе түсті.

Осының бәрі көп ұлтты Қазақстанның экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени дамуына кері әсерін тигізіп отыр. Шындықты қалпына келтіретін, неміс азаматтарына өздерінің тіршілік қажеттерін қанағаттандыруға, саны аз неміс этносының рухани ортасын қорғауға заңды құқықтарын қамтамасыз ететін шаралар жүйесі керек.

Ұсынылып отырған немістердің этникалық өркендеуінің кешенді бағдарламасы неміс ұлты азаматтарының тілдік, мәдени өзіндік келбетіне, олардың ұлттық ерекшеліктеріне дөп келетін экономикалық даму құқының әртүрлі аспектілеріне қатысты мүдделерін есепке алу және жүзеге асыру жөніндегі шараларды қамтиды, Қазақстанды мекендейтін немістердің мәдени және рухани байлықтарын өркендетуге ықпалын тигізуге, олардың қоғамды реформалауға, елдің ұлттық байлығын нығайтуға деген белсенділігін арттыруға арналған.

Бағдарлама мыналарды қарастырады:

(КЕСТЕ)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК